

Жер реформасын жеделдету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Респубилкасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 маусым N 709. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717_ және "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 U952723_ Жарлықтарына сәйкес жер рыногын және жер пайдалану құқығын қалыптастыру үшін жер реформасын жүргізу барысын жеделдету және жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарында жер үлестерін дербестендіру жөніндегі жұмыстарды жеделдетсін және таратылған немесе қайта құрылған ұжымшарлардың мүшелеріне, мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдарының мемлекеттік емес ұйымға қайта құрылған қызметкерлеріне, сондай-ақ зейнеткерлерге және осы шаруашылықтардың өндірістік және әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету салаларында жұмыс істейтін және олардың аумағында тұратын, заңдарға сәйкес шартты жер үлесіне белгілі құқығы бар азаматтарға 1996 жылғы 1 қыркүйекке дейін жер үлесіне құқығы туралы куәлікті беруді аяқтасын.

2. Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996-1998 жылдар ішінде жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жер учаскесіне меншік құқығы, тұрақты жер пайдалану құқығы туралы актілерді беруді қамтамасыз етсін.

3. О б л ы с ә к і м д е р і н е :

1997 жылдың аяғына дейін облыстық және аудандық мақсаттағы қалаларда жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік басқару органдарын, оларды ұстауға кететін шығындарын жергілікті бюджет есебінен қаржыландыра отырып, құру;

поселкелік, ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппаратында жерге орналастыру қызметін құру мәселесін қарау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, ауылдық (селолық) округтердің әкімдері селолық елді мекендердің шекараларында аумақтардың жер-шаруашылығын

орналастыруды 1996-1998 жылдарда жүргізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастарын және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың және аудандардың әкімдері 1996 жылы аграрлық секторда шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарының қалыптасуына талдау жүргізсін және селода жер реформасын одан әрі жетілдіру бағыттары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

6. Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкіне, Қазақстан Республикасының "Тұрғынүйкұрылысбанкі" Мемлекеттік тұрғын үй құрылыс банкіне 1996 жылғы қыркүйектің 1-не дейін жер учаскелерін және жер пайдалану құқығын кепілге бере отырып ипотекалық кредиттеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін банктік құрылымдар құру жөніндегі мәселені қарасын және ол бойынша тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің жобаларын жасау барысында Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті бойынша республикада жер реформасын жүзеге асыруға қажетті қаржы бөлуді көздерін.

8. Қазақстан Республикасының Жер қатынастарын және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес жер реформасын жүргізу, нарыққа көшу жағдайларында жер қатынастарын реттеу жөніндегі ережелерді жүзеге асыру барысы туралы түсіндіру жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында күшейтетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі